

«Жетісу облысы білім басқармасының
Текелі қаласы бойынша білім бөлімі» ММ
«№2 бөбекжай-балабақшасы» МҚКК
меңгеруші Е.Жаксыбекова _____
« 31 » 08 2023ж.



Қазақ тілі пәні мұғалімі Ботантаева Жаннат Асановна

Білім беру ұйымы: «Жетісу облысы білім басқармасының Текелі қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «№2 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Балалардың жасы: 3-4 жас

Ұйымдастырылған іс-әрекет: қазақ тілі

№	Мерзімі	Ортаңғы топқа ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Ересек топқа ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Қыркүйек	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстарды дұрыс, анық айтуға үйрету. Сөздік қор. Балабақша туралы, балабақшадағы ойыншық атауларын атай білуге, оларға қысқаша сипаттама беруге үйрету. Сөздік қорларын молайту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. «Бұл не?» сұраққа толық жауап беруге үйрету.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі сөздерді қолдана білуге үйрету. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамытуды жалғастыру. Сөздік қор. Балабақшаға қатысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлерде сөйлемді толық анық айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Үлгі бойынша ойыншықтар туралы қысқа мәтін құрастыра білуге үйрету.

	Қазан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. Сөздік қор. Күздің негізгі белгілері мен күзгі табиғатқа қатысты сөздерді меңгерту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есімдер арқылы сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Сөздің мағынасын түсініп, сөйлеу барысында қолдана білуге баулу.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы мен дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету. Сөздік қор. Балаларға күз туралы, жемістер мен көкөністердің бақта және бақшада өсетіні туралы түсінігін кеңейту, олардың аталуы, құрамындағы кездесетін дәрумендері, оның адам денсаулығына маңызы жөнінде білімдерін тереңдету арқылы сөздік қорын молайту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлерде сөйлемді толық анық айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларға өз ойларын грамматикалық формада және байланыстырып сөйлеуге төселдіру.
--	-------	--	---

1	Қараша	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылу, дыбысталу жолдарын түсіндіру, жеке дыбысты бірнеше рет қайталау (ә, ө, қ дыбыстары) Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын өсімдіктердің, аңдардың, жануарлардың, құстардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұраққа жауап беруге үйрету (Бұл не?).	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі берілген сөздерді ынта қойып тындауға және ол сөздерді бірнеше рет айту арқылы есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор. Күнделікті өмірде қолданылатын өсімдіктердің, аңдардың, құстардың, жануарлардың атауын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Заттардың сынын, санын, білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру; 3-ке дейін санауды үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Жай сөйлем құруға үйрету.
---	--------	---	---

2	Желтоқсан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ дыбыстарын дұрыс айтуға баулу. Артикуляциялық аппаратты дамыту бойынша жұмысты жалғастыру. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын ауа райы құбылыстарының атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Педагогтің өтінішімен қарапайым әрекеттерді орындауға үйрету (бер, алып кел, ал); заттардың түсін айта білуді дағдыландыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (Бұл кім? Бұл не?).	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі берілген сөздерді мұқият тыңдап, бірнеше рет айту арқылы есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор. Күнделікті өмірде қолданылатын кейбір ауа райы құбылыстарының атауын және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Заттардың санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру; 5-ке дейін санауды жаттықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жай сөйлемдерді түсінуді және сөздерді байланыстырып құрастыруды үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.
---	-----------	--	--

3	Қаңтар	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тіл дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Дұрыс тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін жетілдіру. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді (әке, ана, ата, әже, апа) тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Педагогтің өтінішімен қарапайым әрекеттерді орындауға үйретуді жалғастыру (бер, алып кел, ал); заттардың қимылын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есім және сын есімдерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Есту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстардың аталуын жаттықтыру. Сөздік қор. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтырып дамыту. 5-ке дейін тура және кері санауды үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды сөйлемдерді және сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қысқа сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету.
4	Ақпан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру. Сөздік қор. Тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Қысқа тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтып беру дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құруға жаттықтыру. Байланыстырып сөйлеу. Бұл кім? Бұл не? сұрақтарын ажырата білу, толық жауап беруге дағдыландыру.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі берілген сөздердің дұрыс айтылуын қадағалау. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөздік қор. Тақырып бойынша заттардың сынын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Берілген тақырып бойынша жай сөйлемдерді құрастыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Заттар мен суреттерді қысқаша сипаттауға үйрету.

5	Наурыз	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білуге, дұрыс айтып, есте сақтауға үйрету. Сөздік қор. Сөздік қорларын көктемгі табиғи құбылыстардың, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Педагогтің өтінішімен қарапайым әрекеттерді орындауға үйрету (бер, алып кел, ал); қысқа тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтып беру дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есім және етістіктерді қолдана отырып сөйлем құрастыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Бұл кім? Бұл не? сұрақтарына толық жауап беруге үйрету.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөздердегі ү, ұ, і, ғ дыбыстарын анық айтуға үйретіп, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту. Артикуляциялық және тілдік есту қабілетін дамыту. Сөздік қор. Көктем мезгіліне қатысты табиғат құбылыстарын, табиғаттағы әсемдікті сын есімдерді қолдана отырып сипаттай білуге үйрету. 5-ке дейін тура және кері санау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Байланыстыра айтылған сөздерді игертіп үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Педагогтің үлгісі бойынша табиғатты қысқаша сипаттауға үйрету.
6	Сәуір	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білуге, қазақ тіліне тән қ, ү, ұ дыбыстарын дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Көлік атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Педагогтің өтінішімен қарапайым әрекеттерді орындауға үйретуді жалғастыру (бер, алып кел, ал). Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есім және етістіктерді байланыстырып жай сөйлем құруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Бұл кім? Бұл не? сұрақтарын қолдана отырып, диалогқа түсуге үйрету.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдің дыбысталу мәдениетін дамыту. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор. Балаларға көлік түрлері туралы білім беру (ауа, жер, су көліктері) Тілдің грамматикалық құрылымы. Жаңа сөздер арқылы сөйлем құрастыруды үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Алгоритм бойынша көлікке сипаттама беруге жаттықтыру.

7	Мамыр	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Балалардың сөз дыбыстарын айту дағдыларын және сөйлеу тынысын, дыбыстық аппаратын дамыту. Сөздік қор. Өзінің дене бөліктерін (басы, денесі, қолдары, аяғы) бағдарлауға және атауға үйрету. Дене мүшелері туралы қысқа тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтып беру дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Заттың атын білдіретін сөздерді заттың қимылын білдіретін сөздермен байланыстырып сөйлем құруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Сөйлеу барысында ойларын дұрыс айтуға үйрету; сурет пен сөз арасында байланыс орнату машығын игеруге дағдыландыру.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыс бағытын анықтай білу, есту қабілетін бағыттауды дамыту. Сөздік қор. Балаларды өз дене мүшелері туралы айтуға үйрету. Заттардың сынын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру; 5-ке дейін тура және кері санау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды сөйлемдерді құрастыру барысында зат есімдерді етістіктермен және сын есімдермен бірге қолдануын қалыптастыруға жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Қазақ тілінде қарапайым ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру (түсіну және сөйлеу)
---	-------	---	--